

Жетекшіні таңдау

Ақысыз және ашық , бірақ сіздің ғылыми мансабыңызға байланысты маңызды кеңес беретін жақсы жетекші - бағасыз болып табылады. Олар көп емес, және әр бір үздік ғалым жоғарғы нәтижелерге жетекшісінің көмегімен жеткен жоқ. Неде болса, егер сіз жетекшінің қолдауы мен қызығушылығына ие болсаңыз, сіздің мансаптық белесіңіз тиімді болып, жоғарғы нәтижелерге жеткізуге жол ашатыны сөзсіз.

Кейбір елдерде кеңес беретін ұйымдар бар, бірақ олар қысқа мерзімге тиімді болғанымен, ұзақ ара қатынасқа тиімсіз болып табылады.

Теориялық тұрғыдан ғылыми жетекшіңіз сіздің жетекшіңіз болуы мүмкін. Бірақ, бұлай болуы екіталай және бұл ойдың сәтсіз екенін дәлелдейтін көптеген себептер бар. Зертуіңіздің өнімділігіне толық қанды қол жеткізуге және нәтижесін алуға көмектесетін сіздің ғылыми жетекшіңіз жақсы кеңес беруге қабілетсіз, себебі ол ортақ ғылыми жұмысыңыздың нәтижелеріне қарама-қайшы болуы мүмкін. Жетекші орнына ең жақсы үміткер, сол саладағы ғылыми зерттеулерге жұмыс істемейтін және басқа кафедра яки басқа ұжымда жұмыс атқаратын адам. Олардың сіз таңдаған ғылыми салада тәжірибесі болмауы мүмкін, бірақ ғылыми ортадағы түсінігі кең болғаны жеткілікті, себебі ғылыми мансабыңыздың дамуына дербес кеңес бере алатындай қабілеті болуы керек.

Әрине, жетекші бар болғаны сізге ұсыныс айтып, кеңес бере алады. Ақыр соңында жол таңдау толықтай өзіңізге тәуелді. Әйткенмен, сізді білетін бірақ, сіздің зерттеулеріңізге тікелей қатыспаған адам, жұмысбастылығыңызбен қарастырылмаған немесе ойламаған түсініктемелер мен ұсыныстарды айтуы мүмкін.

Жетекші таңдаған кезлегі ең маңызды фактордың бірі сыни ескертпе айтуында және айта алатындығы болып табылады. Ой пікіріңіздің және идеяңыздың дұрыс еместігін немесе қате екедігін көрсету үшін ара-қатынастарыңыз өзара сыйлы болу керек. Жетекші жұмыс өзгертуіңізге, жеке өміріңізбен жұмыстың арасындағы басымдылық балансын өзгертуге ұсыныс айтуы мүмкін немесе ғылыми жетекшіңізге зерттеулерге еркіндік беруін және көбірек көмек көрсетуіне ұсыныс жасайды.

Мүмкін, дәл сол себептен жақсы жетекші табу өте қиын. Жетекшінің сізге деген уақыты мен күшін жұмсайтын нақты себебі жоқ, дегенмен бірқалыпты жалғаспалы бірақ, жемісті емес жұмысқа кеңес беруі мүмкін. Осыдан олар қандай пайда көреді? Жетекшілердің көпшілігі жұмсаған уақыты мен күші үшін үлкен пайда алған емес. Дегенмен, өзінің мансабында бірталай нәтижелерге қол жеткізген егде ғалымдар, шағын жас ғалымдар тобына қуана жетекші болады.

Жетекші іздеу міндетті емес, бірақ, мүмкіндік болса уақыт тауып, лайықты жетекші іздеуге ұсыныс жасар едім. Менің ойымша, олардың көмегі және сол көмекті қалай қолдана білгеніңіз, айтарлықтай сіздің ғылыми мансабыңыздың жоғарлауына көмектеседі.

Бірлескен

ҒЫЛЫМИ

ҚЫЗМЕТ

Бірлескен ғылыми қызмет - бұл байланыс дамуының маңызды бөлігі. Бұл соншалықты маңызды болғандықтан мен осыған бір бөлімді арнадым, қалған байланыстардың даму көріністерін келесі бөлімде қарастырамыз.

Бірлескен қызмет - бұл зерттеу қызметінің тиімді элементі. Дегенмен, сіз тек бірлескен қызметпен айналысамын десеңіз, егер осындай шешімге келсеңіз және осымен айналысуды қаласаңыз, келешегі басым болатын тұстарды шешу маңызды. Неге бірлескен қызметпен нақтырақ айтқанда зерттеумен айналысқыңыз келетіндігі туралы өзіңізге сұрақ қойыңыз және нақты мақсатыңыз бен тәртібіңізді белгілеңіз, кесте құрыңыз және ортақ міндеттеріңізді анықтаңыз. Егер одан елеулі пайда таппасаңыз оған қатыспаңыз, сіздің ғылыми мансабыңызға әліде дұрыс нәтиже беретін бірлескен қызмет болады. Сіздің мансабыңызға зиян келтіретін мәні жоқ көп мөлшердегі жобаға қарағанда, дұрыс нәтиже беретін шағын жобаға қатысқан едәуір жақсы.

Бірлескен ғылыми қызметке қатысу үшін қарауға тиісті өте жақсы бірнеше себептер қатары бар. Ол жаңа құралдарға мәлімет пен дағдыға рұқсат алып бере алады және болашақта халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік береді.

Бірлескен жұмыс үшін SciVal Experts қорын қолданып , болашақ әріптестеріңізді анықтасаңыздар болады. Айтылмаш аспап сізге авторлардың жариялымдарын және олар алған гранттарды табуға көмектеседі.

www.SciVal.com/Experts

Сіздің дағдыңызға қосымша кәсіби білім қажет болады. Сізге бірлескен жұмыс үшін кубалық сигараның экономикалық тарихына байланысты , испан тілін білетін адам керек пе? Сіз ем іздеп жүрген нақты рақтың бір түрі үшін моноклоналдық антиденелерге байланысты дарынды маман қажет пе? Майя ғибадатханаларының әлеуметтік мәдениеттерін қолданған зерттеулеріңізде сәулетшінің көмегі бола ма?

Жоғарыда айтылғандай, бірлескен ғылыми қызмет сіздің зерттеулеріңізді басқада ғылыми салада таратуға көмектесе алады. Халықаралық дәрежесі бар ғалыммен немесе топпен бірлескен жұмыс, міндетті түрде сіздің мемлекетіңізбен шетелде даңқыңызды арттырады. Бірлескен ғылыми қызмет сізге және сіздің әріптестеріңізге синергетикалық әсер береді, сондықтан зерттеудің нәтижесі екі топ үшін де жақсарайды.

Егер сіздің зерттеуіңіздегі бірлескен жұмыстың потенциалы жоғары болса, онда неге мен ол туралы шешімді және оған кіріспес бұрын байыппен талдау жасаңыз дедім? Әрине, бірлесіп қызмет жасауды сіз немесе болашақ әріптестеріңіз сіздің тәжірибеңізбен дағдыңызға сүйеніп ұсыныс жасағанына

байланысты. Өзара тиімді қызметтестік пе, әлде сіз және сіздің жұмысыңызды жай ғана қолданып, жұту ма?

Сіз жас ғалым ретінде әлі де шағын топта немесе команда да немесе тіпті жеке дара ғылыми жетекшіңізбен жұмыс жасайсыз деп болжайық. Кез келген жағдайда екі ғалым жазған көрсетілген жұмыстың бірінші авторы сіз болуыңыз мүмкін, егер сіздің әріптесіңіз бірінші автор болса, онда бірлескен жұмыстың екінші авторы боласыз.

Осындай жағдайда авторды жазу тәртібі қиын емес. Жариялымдардағы авторды жазу тәртібінің маңыздылығы ғылыми зерттеудің көп саласында көрсетіледі, әсіресе табиғи ғылымдарда, техникалық ғылымдарда және техникалық зерттеулерде, бірақ авторды жазу тәртібі ғылыммен шектелмейді. Жариялымдағы автор мүшесін және оның жазылу тәртібін анықтау қиын мәселе. Халықаралық дәреже алу кезінде авторды анықтайтын хаттамалар барын көп ғалымдар білмейді. Олар "Ванкуверлік хаттамалар" деп аталады және нәтижелерін алу мен қарастыру немесе мәліметтерді түсіндірудегі нәтижені талдауға қосқан үлесімен; мақаланы жазуға қосқан үлесі немесе оның маңызды интеллектуалды мазмұнын алу мақсатындағы пікірге сын көзбен қараумен; дайын мақаланың түрін соңғы қолдануына дейінгі үлесімен авторлықты анықтауды ұсынады. Мақала авторлары жоғарыдағы шарттарды қанағаттандыру керек. Authorder бағдарламасы осы хаттамалардан құрылған қарапайым құрал болып табылады және кез келген адам қолдана алады. Authorder тегін бағдарлама және бірлескен авторларға автор шарттарының ретін анықтауға көмектесетін пайдалы және түсінікті құрылымды ұсынады.

Болашақ мансабыңыздың сәттілігі бес-алты жариялымдарыңыздағы авторлар тізімінің орнына байланысты. Егер сіз адам саны көп бірлескен жұмысқа қатысатын болсаңыз, онда сіз жариялымның алты авторлар тізімінен төртінші орында болуыңыз мүмкін. REF, ERA және Жаңа Зеландиядағы зерттеулердің сапасын бағалайтын қор сияқты ұлттық және халықаралық бағалау әдісінде, жариялымдағы автордың орны жоғары дәрежеде саналады. Аналогты түрде, зерттеу грантына өз атыңызбен өтініш берсеңіз, онда автор тізіміндегі орныңыз тереңірек қарастырылады. Егер сіз жұмыстың көп бөлігіне жауапты болып, бірақ автор тізімінің ортасында тұрсаңыз заңды түрде жариялымның көп бөлігі сізге тиесілі екенін дәлелдеу өте қиын.

Шағын топтың бас мүшесі болу немесе үлкен бірлескен ғылыми жобада кішкене орынға қанағат тұтатыныңыз туралы шешім қабылдауыңыз керек. Егер сіздің жұмыстағы тәжірибеңіз бен дағдыңызға сүйеніп ұсыныс жасаса, онда сіз үлкен топтағы жариялымдағы авторлар тізімінің бірінші орнында болу мүмкіндігін қарастыруыңыз керек, әрине бұл сіз үшін тиімді болады.

Дегенмен, бірлескен ғылыми қызмепен жұмыс бастар алдында авторлық пен интеллектуалды меншікті құқықты, конференцияларда және тағы басқа жерлердегі өкілдігіңізді анықтап алыңыз. Бұл ойыңыз тым байланшақтық болып көрінуі мүмкін және шетелдегі сізді танитын әріптестеріңізге келісімшартты толық қарастырғаныңыз ұнамауы мүмкін, бірақ бірлескен жобаға қатысатын табысты ғалымдар, барлық қатысушылар үшін бірлескен ғылыми қызметтің нәтижесінің тиімді болуына барынша үлес қосқаныңызды бағалайды деп ойлаймын.

Егер сіз докторлық дәрежені алғаннан кейін жоғарғы оқу орнында немесе коммерция саласындағы ұйымда жұмыс істесеңіз, бірлескен ғылыми қызметпен айналысу үшін әріптесіңізге ұсыныс жасамас бұрын немесе сізге ұсыныс жасаса, ғылыми жетекшіңізбен ақылдасып, рұқсатын алуыңыз керек. Егер осылай болған жағдайда, бірлескен жобадағы ғылыми жетекшіңіздің орны қандай? Ғылыми жетекшіңізбен сіз жұмыс істейтін ұйым өте маңызды ғылыми потенциалды ақпаратты немесе қаржылық мәліметті сіздің ұйымыңыздың мүшесі емес адамға ұсынғаныңызды қалай қабылдайды? Сіздің жұмыс істейтін ұйымыңыз бірлескен жобаға қатысқан кезде қандай құжаттарды, мысалы, мәліметтерді беру туралы келісімшарт немесе құпиялық туралы келісімшартқа қол қоюыңызды талап етеді?

Дегенмен, егер сізге бірлескен ғылыми жобаға қатысуға ұсыныс жасаса, онда сіз міндетті түрде алдында қарастырылған, бірлескен ғылыми жобаның потенциалды әріптестердің көзқарасымен ғылыми жетекшіні іздеу туралы сұрақты қарастыруыңыз керек. Олардың тәжірибесі қандай? Олар өз зерттеулерін қалай жүргізеді және сіз пайда аласыз ба немесе сіздің олармен жұмыс істеу мүмкіндігіңіз бар ма?

Бірлескен ғылыми жобалардың көбі ұзақ уақыт бойы барлық қатысушыларына өнімді болып келеді. Басқа бірлескен ғылыми жобалардың қасиеті анық болуы мүмкін, қысқа уақытта аяқталатын және өз еркімен зертханалық реактив немесе әлеуметті тақырыптағы мәтіннің аудармасы түрінде үлес қосады. Пайдалы бірлескен жобаның сәтті және сәтсіз кезеңдері болуы мүмкін, сондықтан өзіңіздің мансабыңыз бойында қандай бірлескен қызметке қатыссаңызда стратегиялық жоспардың сіздің мансабыңызға деген үлесін толығымен анықтаңыз.

Басқа жағынан қарасақ, жұмыс істеген кездегі байланыстарыңыз әдетте ұзақ уақытқа жалғасады және сіздің мансабыңыздың маңызды бөлігі болып табылады.

Байланыстың дамуы

Жас ғалымның пайдалы және өнімді байланыстарының мәнін асыра бағалауға болады деп ойламаймын. Мен сіздерге төрт басты қатынасу жүйесін атап өткен болатынмын, олар: сіздің докторлық диссертацияңыздың ғылыми жетекшісі, сіздің қазіргі ғылыми жетекшіңіз, ғылыми қызметтегі әріптестеріңіз және жетекшіңіз. Сізге пайдасы тиетін немесе сіздің көмегіңіз қажет сияқты, сіздің қатынасу жүйеңізге кіретін басқада адамдар көп.

Ғылыми мансабыңызға көмектесетін, пайдалы және берік байланыстарды ерте кезеңде құру керек. Өте үлкен қатынас жүйесі болу міндетті емес, себебі тұрақсыз үлкен көп жүйеге қарағанда, бірнеше берік, бірақ шағын жүйелер көп пайда әкеледі. Жоғарыда айтып кеткен төрт санаттағы адамдардан өзге, сіздің қатынас жүйеңізге диссертация жазу кезінде жұмыс істеген аспирант әріптестеріңіз, диссертацияңызды қорғаған кезегі комиссия мүшелері, сіз жұмыс істейтін кәсіби қауым, ортақ тіл табатын конференция мүшелері, сіз жұмыс істейтін ғылыми тобыңыздың мүшелері немесе ұйым қызметкерлері, сіздің ұйымдағы немесе зерттеу бөліміңіздегі кітапхана қызметкерлері немесе жүйелі түрде жұмыстарыңызды жіберіп тұратын журналдар редакторлары кіреді. Қысқасы, сіздің ғылыми өсуіңізге айтарлықтай қызыққан немесе осыған көмектесе алатын кез келген адам бола алады. Нағыз жетекші стратегиялық жобаға арналғана қарамастан, жиі байланыстар дамуын жоспарлауға болмайды. Осыған қарамастан, бірінші мүмкіндікте қатынасу жүйесіне үміткерлер қосуды қарастыруды ұсынамын. Бұл үшін көптеген желілер бар, мысалы, LinkedIn, Facebook, Twitter, Myspace, Plaxo және YouTube. Әдетте, қатынас жүйесі табиғи түрде дамиды, мысалы, жетекшіңіз, ғылыми жетекшіңіз және әріптестеріңіз сізді басқа потенциалды қатынас жүйесімен таныстырғанда.

Лауазымына байланысты олар сіздің мансабыңызға қазір немесе болашақта өте пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, басқа жұмыс орнын іздеген кезде немесе ғылыми стипендия алу кезінде ұсыныс түріндегі нақты көмегі қажет болады; басқа адамдар ортасында сіз бен сіздің жұмысыңыздың атын шығаруға қатынасу жүйеңіз жанама көмек бере алады. Әрине, беделді журналдарда жарияланған сіздің жоғары сападағы халықаралық дәрежедегі ғылыми жұмысыңызды немесе аса биік деңгейдегі конференциялардағы сол баяндамаларды ешкім алмастыра алмайды. Дегенмен, осы белестерге жету үшін уақыт қажет, сондықтан сіз және сіздің жұмысыңыз туралы ақпарат таратып жүрген адамдардың ықпалын жете бағалауға болмайды. Бұл жаман емес және міндетті түрде ғылыми мансабыңызға көмектеседі.

Тұрақты байланыстардың дамуының жалғыз себебі сіздің мансабыңызға көмегі тиеді деген әсер қалдырғым келмейді, дегенмен тұрақты байланыс жүйесінің қатыстылығының негізгі нәтижесінің бірі болу керек. Сіздің икеміңіз бар және сіз өз жүйеңіздің басқа мүшелерімен тәжірибеңізбен немесе кеңесіңізбен бөліссеңіз болады, осының арқасында ғылыми мансабыңызды дамытып қана қоймай басқаларға пайдаңыз тиеді. Қатынас жүйесі адал алмасу процесі болу қажет. Ғылыми мансаптың басында бергеннен көрі көп алуыңыз мүмкін, бірақ мансабыңыз даму барысында кері

айналуы мүмкін. Осылайша, бәрі теңеледі және соңғы нәтижеде шынайы және әділетті болады.

Зерттеулерде- гі этика мен адалдық

Уақыты жеткенде ғылыми тәжірибе мен дағды алмасу процессін сіздің қатынас жүйесі элементін, дұрыс тәсілдің сапасын зерттеу этикасы ретінде қарастыруға болады. Зерттеу этикасы ғылыми мансабыңыздың маңызды құраушысы болып табылады және мен осыған толық тоқталмаймын, себебі зерттеу этикасының жоғарғы стандарты өзінен өзі түсінікті. Сіз жүргізетін зерттеулер шынайы, нақты және этикаға сай болу қажет.

Сондай-ақ, зерттеулердің жоғары этика нормаларына сай өтетіндігін дәлелдейтін көптеген ұлттық және халықаралық бастамалар құрылып жатыр. Көптеген елдер қазіргі уақытта зерттеу этикасының кепілдігі ретінде ұлттық саясат пен тәртіпті қабылдады. 2010 жылдың 21 мен 24 аралығындағы өткен зерттеулердегі адалдық атты 2-ші Халықаралық конференция шеңберінде "Зерттеудегі адалдық туралы Сингапурдың өтініші" атты халықаралық бастама құрылды. Оның төрт қағидасы бар:

1. зерттеудің барлық қырындағы шынайылық,
2. сыртқы бақылау үшін зерттеу нәтижесі мен жүрістің ашық болуы,
3. кәсіби этиканың нормаларын қадағалау және әріптестеріне құрметпен қарау,
4. зерттеуге қатысы барлар үшін зерттеуді білікті жүргізу.

Өтініште тағыда 14 міндеттеме бар, нормативті құжат болмасада және елдің және ұйымның ресми саясатын ұсынбасада, бұл қағидалар конференция қатысушылары мен қаржыландырушыларға өте тиімді сұрақтар үлгісін ұсынды.

Ғылыми мансабыңызда ескеретін зерттеулердегі этика мен адалдықтың сипаттамасынан басқа этиканың бірнеше басқа қырлары бар және оларды ескеріңіз. Мен бұны жануар мен адамды және биологиялық, радиологиялық зерттеулер кезіндегі этикалық норманы қадағалау деп атаймын.

Соңғы бірнеше жылдарда жануарларға деген этикалық қарым-қатынас саласында көрінердей жетістікке жетті, "Төмендету, ауыстыру және жақсарту" саясаты кеңінен қабылданып, ілгері жылжуда. Басшылықта жануарларды зерттеулерде қолдану туралы түсінік берілмейді. Дегенмен, егер сіз және сіздің әріптестеріңіз зерттеулеріңізде жануарды қолдану маңызды деп шешім қабылдасаңыздар, осы қырдағы қарым-қатынас туралы сіздің ұйыммен қабылданған саясат оданда маңызды болып табылады. Сіздің ұйымыңыздың жануарларға деген этикалық қарым-қатынас саласының мүшелерімен келіспей және рұқсатын алмай, зерттеу басталмауы қажет. Осы шындыққа қарамастан, этикалық рұқсатты алу үшін көп көлемдегі құжат қажет. Жануарларға деген минималды немесе мүлдем зиян келтірмеу туралы кепілдік үшін ғана емес, осындай зерттеулер жүргізген кездегі заңды сақтауды талап ету үшін қажет.

Жануарларға деген этикалық қарым-қатынас саласының мүшелері көлемді құжаттар пакетін талап етеді, жоба тиімді түрде құрылсын деп, осыны міндетті жоспарлау деп қабылдау қажет. Жануарларға деген этикалық қарым-қатынас саласының мүшелері сіздерге кедергі емес, керсінше жануар

мен сіз үшін жақсы жағдайға кепілдік бере отырып сіз бен сіздің зерттеуіңіздің делдалы болып табылады.

Аналогтық түрде, адамға деген этикалық қарым-қатынас саласының мүшелері биологиялық және медициналық зерттеулерде ғана емес, ғылыми қоғамдық зерттеулердегі орны маңызды. Ең басты бөлім кез келген зерттеулерге қатысатын барлық адамдардың жеке өмірінің құқығын қорғауда сізге сіздің ұйымыңыздың этикалық мүшесі көмектесуді өамтамасыз ету керек. Тіпті қарапайым зиянсыз рәсімдерде, мысалы, телефон арқылы алынған сұхбаттың адамға деген этикалық қарым-қатынас саласының мүшелерінің көз қарасы бойынша нәтижесі жаман болуы мүмкін, сондықтан рұқсат алу керке.

Мен қозғайтын соңғы этикалық көрініс, биологиялы және радиологиялық зерттеулердегі этика деп аталады. Шағын ғалымдар тобына қатысты болғанына қарамастан, бұл бөлім өте маңызды, қазіргі уақытта қауіпсіздік саласындағы бақылаушы органдарда тартады. Осы себептен, тағыда осы салада зерттеу бастамас бұрын өз ұйымыңыздың рұқсатын алуға міндеттісіз, ал олар сізден ұлттық деңгейдегі рұқсатты талап етуі мүмкін.

Үш этика көрінісі әр мемлекет бойынша әр түрлі болады, кейбір мемлекеттер бір көрінісіне немесе екіншісіне назар көп аударса, басқалары басқасына, ал сіз өз ұйымыңыздың қағидалары мен нормативті талаптарын ескеруіңіз керек.

Егер бір кездері зерттеулеріңізге байланысты осы көріністер туралы сұқрақ бар болса, сіздің ұйымыңыздың жануарларға, адамға деген этикалық қарым-қатынас саласының және радиологиялық, биолоиялық зерттеулерінің мүшелері сіздің ең жақын достарыңыз болуы мүмкін. Зерттеу кезінде сіз олардың шарттарын орындауыңыз керек.

Дұрыс жүріс-тұрыс, зерттеуді ақылмен жоспарлап, жүргізу үлкен мағынада этикалық және әлеуметтік себеп болып табылады.

Жұмысты басылымға дайындау

Төмендегі кеңестерді 2004 жылы өткен "Геофизика саласындағы ғылыми мансапқа дайындау" атты сабағына арнап Оберлин колледжіндегі Стивен Войтэл жазған.

Төменнен көріңіздер:

Ортақ кеңестер

Қолжазбаның тапсыруға дайын екенін қалай түсінуге болады?

Қолжазбаны дайындау: бірнеше ортақ талдаулар

Жоламауға тиіс бірнеше таралған қателер

Бас тартулар

Сын беруші талдауы бойынша жұмысты түзеу

Байланыстағы кілт

Ортақ кеңестер

- Үзіліссіз жазу үшін, тұрақты уақыт белгіліңіз. Неғұрлым сіз көп жазсаңыз, жазу соғұрлым оңай болады.
- Жоспар құрыңыз, әрқашан оны қарап және өзгертіп тұрыңыз.
- Жинағаныңыз бен қатар деректі талдауды да жазыңыз. Бұл сізге байланысты немесе бақылау кезіндегі оның жоқтығын көруге, тағы да қортындыны құрылымын белгілеуге көмектеседі.
- Көптеген белсенді зерттеушілердің әр түрлі жобалары әрқашан өздерінде әр түрлі аяқтау кезеңінде табылуына талпынады. Осылайша сіз, жұмыс пен кездесу және т.б. кездегі үзілісті үлкен тиімділікпен пайдалана аласыз. Егер бір сағат бос уақыт тапсаңыз, сіз, мысалы, кез келген сызбаны тексеруді аяқтай аласыз, өйткені мәтінді жазуға немесе редакциялауға бір сағат уақыт жетпейді.

Қолжазбаның тапсыруға дайын екенін қалай түсінуге болады?

- Бір де бір жұмыс кемшіліксіз емес, бір де бір қолжазба мінсіз емес. Жетілгендік стандартына еру сіздің жұмысыңыздың ешқашан тапсыруға дайын болмайтынына кепілдік береді.
- Сіздің жұмысыңыз басылымға дайын:
 1. Кәсіптік жиналыстарда немесе конференцияда ауызша тапсырылған баяндамаңыз үшін жақсы баға алсаңыз.

2. Өз салаңыздағы маңызды нәтиженіңіз үшін тікелей құптау немесе бас тарту келсе.
 3. Сізде маңызды жаңа нәтижелер немесе маңызды жаңа түсіндірулер туралы мәлімет бергіңіз келсе.
- Ғылыми жетекшіңізге немесе әріптесіңізге жұмысыңызды оқып беруін сұраңыз және өз жұмысыңыздың дәрежесін анықтау үшін олардың бағалауын қолданыңыз.

Қолжазбаны дайындау: бірнеше ортақ талдаулар

- Анық бір журналға немесе басқа түрдегі басылымға бағыттап жазыңыз.
- Аз көлемдегі баспаға емес, нақты керек көлемге бағытталыңыз.
- Бақылау мен қортындыны бөліңіз. Редакторлар сізге "жазып бітіруге және қайта қарауға жібереді" немесе жұмысыңызға "үлкен/кіші өзгертулерден кейін жариялауға" ұсыныс жасайды, егер жұмысыңызда маңызды мәліметтер болса. Редакторлар өз ойын тұжырымдау үшін берілген ұсыныстарға сүйенеді, бірақ ұқсас критерилерге әр түрлі баға береді.
- Жазыңыз, ойдағы оқырманды сендіру үшін оның қарсылығын тауып, оған жауап беріңіз.
- Сәтті мақаланың "қортынды" немесе "талқылау" бөлімдері кілтті элементтері болып табылады. "Қортынды" бөлімін берілгені мен талдаудың ыңғайын табу үшін қолдануға тырысыңыз. "Талқылау" бөлімін берілгені мен талдаудың немесе нәтижелердің ыңғайын толық түсіндіру үшін пайдалануға тырысыңыз.
- Сіздің жұмысыңыздың мазмұны мен қортындысы көрсетілген жолдама хат жазыңыз. Хат екі беттен көп болмау керек, бірақ редакторға өзектілігін түсіну үшін және оған сын пікір беруші таңдау үшін көмектесе алатындай жеткілікті түрде ұзақ болу керек.

Жоламауға тиіс бірнеше таралған қателер

- Мәселе: автор жіберген журналдың мазмұны мен стиліне жұмыс сәйкес емес.
Шешімі: Басылымға жіберетін жұмысыңызға сәйкес журналды таңдаңыз. Содан кейін авторларға арналған ережелерді оқып және оларды орындаңыз.
- Мәселе: Мәтінде логикалық қате мен риторикалық жүктеулер бар. Кілттік элементтер тым кеш пайда болады немесе сандар ретсіз

орналасқан. Жаңа бақылаулар, берілгендер немесе байланыстар "Реферат" немесе "Қортынды" бөлімдерінде пайда болады.

Шешімі: Мазмұнына қортынды реттеулер жасамас бұрын, жұмысыңызды бірнеше уақытқа (бірнеше күн немесе апта) қалдырыңыз. Осылай ұйымдағы мәселені, логикалық жетіспеушіліктерді, риторикалық жүктемелерді, бақылыаудағы араласуда және қортындыда, т.б. мәселелерді байқауыңыз мүмкін.

- Мәселе: Көптеген қиын мәселелер бар, мыналар сияқты: жетіспейтін сандар, дәйексөздерді дұрыс келтірмеу, авторлықтағы қателер және т.б. Кейбір сын пікір берушілер табиғатынан байбайшыл, бірақ көбі қолжазбаларды оқу барысында байбайшыл бола бастайды.

Шешімі: Мәтіннің ұйқасын, сандарын және міндетті түрде жұмыстың соңында дұрыс жазылуын тексеріңіз.

- Мәселе: Мәтіндегі дәйексөздің көптігі оның диссертация немесе әдебиет саласындағы магистрлық жұмыс сияқты көрінеді.

Шешімі: Басқа жұмыстардағы дәйексөзге сараңданбаңыз, бірақ керек сілтеулермен шектеліңіз.

Бас тартулар

- Әрқайсы дерлік өз жұмыстарына байланысты бір немесе бірнеше бас тартулар алған.
- Есіңізде болсын, манускриптан бас тартты (сізден және тіпті сіздің жұмысыңыздан емес).
- Жазылған мәтін, ғылым саласы немесе журнал стандартына сәйкес болмауы мүмкін. Сын пікірді оқу нәтижесінде себебін білуге болады.
- Табандылық өзін ақтап алуы мүмкін.
- Вайн-Мэттьюз (-Морли) гипотеза тарихы есіңізде болсын.

Сын беруші талдауы бойынша жұмысты түзеу

- Сын пікір берушінің түсініктемесін оқыңыз. Мүмкіндік болса осының алдында ашуыңыз тарау үшін бірнеше күн немесе апта, қанша уақыт керек болса сонша уақыттан кейін оқыңыз.
- Редактор мен сын пікір берушінің түсініктемесін есте сақтаңыз, бірақ есіңізде болсын редактор мен сын пікір берушінің барлық ұсыныстары бойынша өзгерту енгізуге міндетті емессіз.
- Жұмысты қайтарған кезде өзгерту енгізгеніңіз туралы жолдама хат жазыңыз:

1. Қандай өзгертулер енгізгеніңіз және не үшін енгізгеніңіз жайлы түсіндіріңіз.
2. Ұсынылғаннан қандай өзгерту енгізгеніңізді, не үшін енгізгеніңізді түсіндіріңіз.

Байланыстағы кілт

- Баяндауыңыз қарапайым болсын - өз жұмысыңызды нақтырақ түсіндіруге тырысыңыз.
- Суреттер мен сандар сіздің дәлеліңіздің маңыздылығын негіздейтін мәліметті ұсынатындығына сенімді болыңыз.
- Редактормен байланысыңызды жеңілдету үшін жолдама хатты пайдаланыңыз.
- Өзгерту енгізілген мәтінді қайтарған кезде сын көрсетулеріне жауап беруіңізге мүмкіндік болады және сонымен қатар сын пікір берушімен араласа аласыз.